



Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2022 жылғы 20 шілдедегі № 3/342 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 31 наурыздағы № 1/217 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2023 жылғы 31 наурызда № 1722 болып тіркелді

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2022 жылғы 20 шілдедегі № 3/342 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28868 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Е. Досаев

Алматы қаласы
әкімдігінің 2023 жылғы
31 наурыздағы № 1/217
Бұйрығына қосымша
Алматы қаласының
әкімдігінің 2022 жылғы
20 шілдедегі № 3/342
қаулысына қосымша

Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

p/c	Мектепке дейінгі ұйымның түрі	Тәрбиеленушілер саны	Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Айына бір балаға ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)
1	Бөбекжай-балабақша (мемлекеттік)	36 750	45 603	25 000
2	Бөбекжай-балабақша (жеке меншік)	37 883	45 603	25 000

3	Бөбекжай-балабақша (мемлекеттік бөбекжай-балабақшалардың жанындағы арнайы топтар)	224	81 278	-
4	Бөбекжай-балабақша (мемлекеттік бөбекжай-балабақшалардың жанындағы мектепалды топтар)	210	19 909	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ